

2016 жылғы "01" наурыз  
№ 1

## ПРОТОКОЛ

### ХАТТАМА

№ 1 от "01" марта 2016 года

### Панфилов ауданының қоғамдық Кеңесінің өткізілген алғашқы отырысы

Төрағалық еткен: аудандық мәслихаттың хатшысы – Т.Ж.Оспанов  
Қатысқандар: аудандық қоғамдық кеңесінің мүшелері (тізім қосымша беріледі)

### КҮН ТӘРТІБІ

1. Панфилов ауданының қоғамдық кеңесінің төрағасын, оның орынбасарын, хатшысын сайлау.
2. Аудандық қоғамдық кеңесінің Президиум мүшелерін сайлау.
3. Қоғамдық кеңес туралы ереженің жобасын талқылау.

#### 1. ТЫҢДАЛДЫ:

Аудандық мәслихаттың хатшысы Тілеуберген Жанғазыұлы Оспанов: Құрметті бүгінгі отырысқа қатысушылар, біз «Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Панфилов ауданының қоғамдық кеңесі құрылды. Кеңес құрамы 25 адамнан тұрады. Енді қоғамдық кеңестің төрағасын, орынбасарын, хатшысын сайлап алуымыз керек. Ұсыныстарыңызды айтыңыздар.

Сөз алған Қоғамдық кеңестің мүшесі Жумабаев Даусқожа қоғамдық кеңесінің төрағасына Иманғалиев Нұрбосынды ұсынды.

Қоғамдық кеңесінің мүшесі Тұрғанов Шәріпхан Нұржанұлы қоғамдық кеңесі төрағасының орынбасарына Илямов Хусаин Муталипұлын ылайық деп ұсынды.

Осы ұсыныстардың негізінде қоғамдық кеңесінің мүшелері бір ауыздан дауыс беріп, аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы Иманғалиев Нұрбосын, орынбасары Илямов Хусаин Муталипұлын сайлады.

Аудандық мәслихаттың хатшысы Тілеуберген Жанғазыұлы Оспанов хатшылыққа аудандық мәслихат аппаратының бас маманы-заңгер Садыкова Раушан Айтақынқызын ұсынып, ұсыныс бір ауыздан қабылданды.

Екінші мәселе бойынша аудандық қоғамдық кеңесінің Президиум мүшелерін сайлауымыз керек. Көпшіліктің ұсынысымен бірауыздан төмендегі азаматтар Президиум мүшелігіне сайланды:

1	Оспанов Тілеуберген Жанғазыұлы	Аудандық мәслихаттың хатшысы
2	Иманғалиев Нұрбосын	Қоғамдық кеңесінің төрағасы
3	Илямов Хусаин Муталипович	Қоғамдық кеңесі төрағасының орынбасары
4	Теткусизов Талғат Манапұлы	Аудандық Ауған соғысы ардагерлері «Жәрдем А» қоғамдық бірлестігінің президенті
5	Емец Полина Владимировна	«Талдыкорганский русский центр» қоғамдық бірлестігінің Панфилов аудандық филиалының мүшесі
6	Жазылбекова Багира Нұрсадыққызы	зейнеткер
7	Мухаметжанов Мурат Мухаметжанұлы	Панфилов ауданы орталық ауруханасының ана мен бала денсаулығын қорғау жөніндегі орынбасары

Үшінші мәселе бойынша Қоғамдық кеңес туралы ереженің жобасын талқылау. Ереженің жобасы қоғамдық кеңес мүшелеріне таратылып берілді, ережемен таныстырылды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе, **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Панфилов ауданының қоғамдық кеңесінің құрамы аудандық мәслихаттың интернет-ресурсында және жергілікті газетке жариялансын.
2. Панфилов ауданының қоғамдық кеңесінің жұмыс жоспары әзірленсін.
3. Қоғамдық кеңестің қызмет бағыттары бойынша комиссиялар құрылсын.

**Төрағалық еткен-**  
аудандық мәслихаттың хатшысы



**Т.Оспанов**

Қоғамдық кеңесінің хатшысы



**Р.Садыкова**